


Мереке қарсаңындағы марапаттау

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Ақордада ел тәуелсіздігінің 14 жылдығына орай республиканың бір топ азаматтарын мемлекеттің жоғары наградаларымен марапаттап, бірқатар әскери қызметшілер мен құқық қорғау органдары саласы қызметкерлеріне әскери және арнаулы атақтар мен сыйныштық шендер тапсырды.



Сейфолла ШАЙЫНҒАЗЫ,
“Егемен Қазақстан”.

Олардың катарында М.Әуезов атындағы Қазақ мемлекеттік академиялық драма театрының әртісі З.Шеріпова — “Отан” ордені, Энергетика және минералдық ресурстар министрі В.Школьник — “Қазақстан Республикасының Тұнғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев” ордені, Қазақстанның Демократиялық партиясының төрағасы М.Нәрікбаев — II дәрежелі “Барыс” ордені, “Егемен Қазақстан” республикалық газеті” ААК президенті С.Абдрахманов — “Парасат” ордені, Орыс православие шіркеуінің Астана және Алматы митрополиті Мефодий (Н. Немцов) — II дәрежелі “Достық” ордені, Корғаныс министрінің бірінші орынбасары Б.Дәрбеков, Қарағанды облысы ішкі істер департаментінің бастыры А.Кулинич, Бас прокурордың бірінші орынбасары И.Бактабаев және басқалар бар.

Біз сіздермен еліміздің тәуелсіздігінің 14 жылдығы қарсаңында кездесіп тұрмыз, деді Нұрсұлтан Әбішүлі награда алғандарды құттықтай келіп. Кез келген мем-

лекеттің тәуелсіздігі бірінші кезекте қуатты Қарулы Күштермен және ішкі тыныштықты сактап, азаматтардың құқықтары мен еркіндіктерін қорғайтын құқық қорғау органдарының лайықты қызметімен қамтамасыз етіледі. Сіздер сол ушін қызмет етесіздер.

14 жылда біз көптеген жетістіктеге кол жеткіздік, оны біз де мойындаимыз, әлем де мойындалап отыр. Қазақстандық ұлттардың тоptасқандығын сактап, мемлекеттің тәуелсіздігін нығайттық, қажетті реформаларды жүргізу арқылы халықтың тұрмысын жақсарттық. Сондықтан да халық кешегі соңғы сайлауда сіздер мен біз атқарған жұмыстарға өз пікірлерін бірауыздан білдірді.

Қандай да болмасын табысты әкелетін халық, оның ішінде адал еңбегімен және әнегелі мінезқұлықтарымен өзгелерге үлгі бола біletін азаматтар. Сондықтан баршаңызға алдағы уақыттарда да зор табыстар тілеймін.

Марапаттау рәсімі кезінде сез алған бірқатар азаматтар Елбасын өткен сайлауда айқын-басымдылықпен жеткен женісімен құттықтап, алған жоғары наградалары үшін шынайы алғыс сезімдерін жеткізді.

